

Бейімбет Майлин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 126 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 маусымда № 28550 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес ауданның мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Бейімбет Майлин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының хатшысы

С. Сапабеков

Мәслихаттың

2022 жылғы 21 маусымдағы

№ 126 шешіміне

қосымша

Бейімбет Майлин ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 14.06.2024 № 105 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	500,00
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	451,67
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м3	5000,03